Екінші кезең-студенттің өзі таңдаған мамандығына, іс-әрекетіне деген көңіл толмаушылығы. Дегенмен де оқыту процесіндегі кездесетін жаңа ұғымдарды, білім, білік, дағдыларды меңгеруі, өзбетінше жұмыс жасаудың жаңа әдіс-тәсілдерін игеруі негізінде айналасындағыларға, таңдаған мамандығына, студенттер ұжымына икемделе бастайды. Студенттік өмірдің жаңа құрылымына, жаңа қарым-қатынас жасау формаларына, бос уақытты тиімді пайдалана білуге икемделіп, әлеуметтік маңызды тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Дара тұлғалық деңгейге көтеріледі. Үшінші кезең-әлеуметтік ролі нақтыланып, қарым-қатынас жасау шеңбері тұрақталып, кәсіби бағыттағы қызығушылығы біршама тұрақтанады. әлеуметтік және кәсіби маңызды қасиеттері қалыптаса бастайды. Бұл кезеңдегі негізгі өзгерістер әлеуметтік-психологиялық бағытта болады. Осылайша тұлғаның ЖОО-на бейімделуі бір-бірімен жалғасып жатқан кезеңдерден тұратындығы анықталды[6].

ЖОО-да тұлға әр түрлі күрделі мәселелерге кездеседі: оқу және қарым-қатынастың жаңа жағдайларына, оқу үдерісінің талаптарына бейімделу мен материалдық- тұрмыстық мәселелерді шешу. Бірінші курс студенттерінде бұл кезең қоршаған ортаның әлеуметтік жағдайларын түйсінумен байланысты өтеді. Бірінші курс студенттерінің жаңа жағдайларға бейімделуі кешенді сипатта болғандықтан оны зерттеу әр түрлі тұрғыда қарастырылады. Осы айтылғандарға сай бейімделген студенттердің негізгі өлшемдерін бөліп көрсетуге болады:

-таңдаған мамандығы бойынша білімді қажетті деңгейде меңгерудің қажеттігін түсінуі;

- жас ерекшелігіне сай ЖОО-ның талабын орындауға дайындық деңгейі;
- оқу әрекетінің нәтижелілігіне студенттің эмоциялық жағдайының әсері;
- студент пен басқа ұжым мүшелері арасында шиеленістің болмауы.

Дегенмен де бұл анықталған мәселелер кейбір студенттерде бірінші курсты аяқтағанша шешілмейді, ал кейбір студенттерде ол ЖОО аяқтағанша шешімін таппайтын мәселелердің бірі ретінде қалып қояды. Балуев С.И өз еңбектерінде студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне ЖОО-ғы нақты жағдайлар мен таңдаған мамандығына деген қызығушылық арасындағы байланыстың болуы әсер етеді деп көрсетеді[7].

Бірқатар зерттеушілер ЖОО-ғы барлық әрекет түрлерін игеруіне, оқу үдерісіне толыққанды енуіне, жаңа жағымды тұлғалық қасиеттерінің пайда болуына, тұлғааралық қарым-қатынасқа негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру бағытындағы әдіснамалық- теориялық зерттеулеріне негізделген[8]. .

Сонымен қатар, Зотова О.И., Кряжева И.К. студенттердің ЖОО-ғы оқу процесіне бейімделуде негізгі қиындық жаңа оқу үдерісінің ұйымдастырылуы және оқу пәндері жүйесінің көп түрлілігінде

бейімделуде студенттің интеллектуалдық белсенділігі маңызды роль атқарады деп көрсетіп, бейімделуді дидактикалық және әлеуметтік –психологиялық деп бөліп қарастырады.

Студент тұлғасының бейімделу мәселелері С.М. Жакуповтың оқыту үдерісіндегі тұлғаның оқу әрекетін дамытуға бағытталған қағидалары, Ж.И. Намазбаеваның қарым-қатынас негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру бағытындағы әдіснамалық- теориялық зерттеулеріне негізделген[8].

негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру бағытындағы әдіснамалық- теориялық зерттеулеріне негізделген[8]. .

Сонымен қатар, Зотова О.И., Кряжева И.К. студенттердің ЖОО-ғы оқу процесіне бейімделуде негізгі қиындық жаңа оқу үдерісінің ұйымдастырылуы және оқу пәндері жүйесінің көп түрлілігінде деп көрсетті. Зерттеушілер өз еңбектерінде студенттің жоғары оқу орнына бейімделуі екі компоненттен тұратындығын көрсеткен:

- кәсіби бейімделу, яғни, бұл-оқу үдерісінің ұйымдастырылуына, жағдайларына, мазмұнына икемделуі мен оқу және ғылыми жұмыстарда өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- әлеуметтік-психологиялық бейімделу-тұлғаның ұжымға, ондағы қарым-қатынасқа икемделе отырып, өзіндік стилін өңдеуі.

Студенттің жоғары оқу орнындағы оқу үдерісіне, жағдайларға бейімделуінің негізгі үш форма арқылы анықталады:

1. формальды бейімделу - жаңа қоршаған ортаға студенттің танымдық-ақпараттық икемделуі;
2. қоғамдық бейімделу – студенттер қауымына кіріктіру және осы топтардың ЖОО-ның студенттер тобына кіріктіру процесі;
3.дидактикалық бейімделу – ЖОО-ғы жаңа оқу әдіс-тәсілдеріне, оны ұйымдастырудың жаңа формаларына студенттің дайындығы ретінде танылады[10].

Т.Б. Соломатина өз зерттеулерінде студенттердің кәсіби білім алуға әлеуметтік бейімделуінің негізгі өлшемдері мен көрсеткіштерін қарастырған (1-кесте).

1-кесте

Студенттердің кәсіптік білім алуға әлеуметтік бейімделуінің негізгі өлшемдері мен көрсеткіштері

| Бейімделу аспектілері | Өлшемдері | Көрсеткіштері |
|---|---|---|
| Дидактикалық | Жалпы ғылыми білім және біліктерді қалыптастыру мен өзбетінше даму негіздері | Кәсіби білім алу үшін белгілі білімді меңгеру мүмкіндігі және қажеттілікті түсіну. |
| Әлеуметтік– психологиялық | Жеке тұлғалық қарым-қатынас мәдениеті мен коммуникативті мәдениетін қалыптастыру | 1. Жанжалсыз тәртіп.<br>2. ЖОО-ның қоғамдық өміріне қатысуға деген ниеті, тілегі.<br>3. Оқытушылармен, группаластарымен қарым-қатынасқа қанағаттану. |
| Кәсіби | Таңдаған мамандығының дұрыстығына сену | 1. Арнаулы пәндерге деген қызығушылығы.<br>2. Мамандықты игеруге деген талпыныс және мансапқа ұмтылыс.<br>3. Өндірістік тәжірибе барысында кәсіби іс-әрекетінің жетістігі. |

Ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, ЖОО-ғы студенттердің бейімделуі тек қана оқу процесіне икемделу ғана емес, өмірдің жаңа жағдайларына, таңдаған мамандығына икемделу секілді кең мағынада қарастырылатындығын байқауға болады.

ЖОО-ғы оқу процесінің жетістігі студенттердің өз бетінше жұмыс жасай білу деңгейі мен жауапкершілігіне тығыз байланысты. Сондықтан да студенттердің бейімделуін зерттеу жоғары мектеп мәселелерін шешудің негізгі бір бағыты ретінде қарастырылады Бейімделу- жоғары мектептегі үлгерім сапасын арттырумен тығыз байланыстағы мәселелердің бірі.

Статистика бойынша студенттердің жоғары оқу орнына бейімделуі күрделі әлеуметтік құбылыс дей отырып, студенттердің көпшілігі ЖОО-на мүлдем бейімделе алмайды, кейбірлері оқу жылының аяғына дейін бейімделе алмайды, кейбірлері 3-курстың аяғына дейін қиындықты сезінеді деп көрсеткен. Демек, студент ЖОО-на бейімделуі өте күрделі, біраз уақытты қажет ететін процесс деп қорытынды шығаруға болады.

Студенттің бейімделуі – психологиялық тұрғыдан құбылмалы күрделі динамикалық процесс, жаңа әрекетті меңгеруге байланысты тұлғалық қасиеттерінің, әлеуметтік статусының өзгеруіне әсер етеді. Студенттің жоғары оқу орнындағы оқу процесіне бейімделуін ғалымдар түрлі аспектіде қарастырады: әлеуметтік-педагогикалық аспект, психологиялық аспект, дара-психологиялық, психофизиологиялық.

Кейбір зерттеуші ғалымдар студенттің бейімделуінің тұтас және күрделі процесс ретінде оның іске асуының бірнеше деңгейлерін қарастырады:

-психологиялық деңгей, бұл деңгейде тұлғаның қасиеті мен психологиялық процестерге белгілі орын беріледі;

-психофизиологиялық деңгей, бұл деңгейде психофизиологиялы процестерге көңл бөлінеді;

-әлеуметтік деңгей, бұл деңгейде студенттің әлеуметтік мақсаттарды, құндылықтарды меңгеру меңгеру динамикасы, ЖОО-ның әлеуметтік маңызын түсінумен байланысты;

-әлеуметтік-психологиялық деңгей, бұл деңгейде тұлғааралық, этникааралық қарым-қатынастың оқу процесіне әсері [11].

Студент жоғары оқу орнында тек қана негізгі екі әрекетке бейімделеді деген пікір бар, олар: таным сферасы ретінде оқу әрекетіне, және қарым-қатынас сферасы ретінде коммуникативтік әрекет. Осылайша бейімделудің екі түрі бөлініп көрсетіледі: дидактикалық (оқу) және әлеуметтік-психологиялық (коммуникативтік). Дидактикалық бейімделу барысында студент бойында жоғары оқу орнынындағы оқу процесіне сәйкес оқу қызметіне сай жаңа дағдылар, қиындықты жеңе білу білігі қалыптаса бастайды [12].

Коммуникативті бейімделу барысында студент оқытушылармен, өз тобындағы басқа студенттермен қарым-қатынасы тұрақтала бастайды, қарым-қатынастың формальды және формальды емес түрлері қалыптасады.

Студенттің жоғары оқу орнына бейімделуін зерттей келе бейімделу белгілі бір кезеңдерден тұратынын атап көрсеге болады. Әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі, сипаты, маңызы бар. Яғни бейімделудің жетістігі әр кезеңнің тиімділігіне байланысты.

Сонымен,студенттің жоғары мектептегі оқу процесіне бейімделуіне әсер ететін негізгі факторларды атап көрсетуге болады:

- әлеуметтік – демографиялық (ЖОО-ны түскенге дейінгі әлеуметтік статусы, студенттің демографиялық ерекшелігі, таңдаған мамандығы бойынша еңбек стажы);
- психологиялық (айқын көрінетін кәсіби бағыттылық);
- әлеуметтік есею факторы (фактор социальной зрелости) (белсенділік, өзбетінділік, жауапкершілк, өзін-өзі бақылау деңгейі);
- психологиялық-педагогикалық (мінез-құлқының бағыттылығы, оқытушының кәсіби әрекетінің кәсіби деңгейі);
- педагогикалық (оқу материалының мазмұны және оны жеткізу әдісі).

Студенттің жоғары мектептегі оқу процесіне бейімделуін зерттеуге арнаған ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, бейімделу процесіне әсер етуші факторларды екі топқа бөліп қарастыруға болады: әлеуметтік және даралық-тұлғалық.

Әлеуметтік факторлар. Бейімделу процесі-бұл жаңа әлеуметтік жағдайларға енуге икемделуі. Студент, жаңа ортаға ене отырып, ол екі әлеуметтік топ факторларының әсерінде болады: ЖОО-нан тыс әсер етуші факторлар және ЖОО-ны жүйесінде әсер етуші факторлары.

ЖОО-нан тыс әсер етуші факторлар тобына кең көлемдегі құбылыстарды қарастыруға болады: макроәлеуметтік факторлар (мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы, жастардың бос уақытының дұрыс ұйымдасуына себеп болатын әлеуметтік мәдени жағдай); микроәлеуметтік факторлар (отбасылық тәрбиенің ерекшелігі – оның ішінде әлеуметтік және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болатын этникалық тәрбие; тұлғалық қалыптасуына әсер ететін отбасының құрамы, т.б.).

Біз өз зерттеулерімізде студенттің ЖОО-на бейімделуіне әсер ететін негізгі әлеуметтік факторларды төмендегідей топтастырдық.

1. Социумдық:

- өмірдің этномәдени ерекшеліктері;
- діни көзқарастар мен позициялар.

2. Отбасына байланысты факторлар:
- әлеуттік шығу тегі;
- отбасындағы өзара қарым-қатынас.

Кейбір зерттеуші ғалымдар студенттің жоғары мектептегі оқу процесіне бейімделу бірінші курстың аяғында оқу әрекетіне, жаңа оқу формаларын меңгерумен аяқталады деп есептейді. С.В. Васильева өз зерттеулерінде бейімделу екінші курстың аяғында аяқталады деп есептейді. И.А. Аливердиеваның зерттеулерінде бейімделудің кезеңдерін төмендегідей көрсетеді: бірінші курста бейімделу танымдық қабілеттерін қамтамасыз етеді; екінші курста тұлғаның еріктік қасиеттер бейімделеді, үшінші курста кәсіби қасиеттерге икемделеді.

Бұл тұжырымдарға сай студенттің ЖОО-на бейімделуі-бірінші курста әлеуметтік мотивтерге тәуелді болса, үшінші курста кәсіби қызығушылығына байланысты деген қорытынды жасауға болады.

Осылайша көптеген ғалымдар ЖОО-ғы оқу үдерісіне студенттің бейімделуі оқу процесінде кездесетін қиындықтарды жеңуге, ондағы эмоциялық ахуалға байланысты екенін өз зерттеулерінде атап көрсеткен.

Бұл кездесетін қиындықтар объективті болуы мүмкін, ол жағдаятқа тәуелді емес оқу-дидактикалық материалдың сапасыз қамтамасыз етілуі, тұрмыс жағдайының төмендігі, оқытушылар тарапынан көңіл бөлінбеуі.

Бірінші курс студенті үшін объективті қиындықтар мыналар болуы мүмкін: сабақ сұраудың жаңа жүйесі, оқытудың дәрістік формасы, оқу материалын міндетті түрде конспектілеу, сабақ үлегерімін бақылаудың жаңа формасы, оқу жұмысын ұйымдастырудағы өз бетінше жұмыс, машықтану және зертханалық сабақтың көлемінің көптігі.

Кездесетін кейбір қиындықтар студенттердің тұлғалық ерекшелігіне, әрекетіне байланысты болады. Бұл қиындықтар субъективті сипатта болады, яғни, өз іс-әрекетін тиісті деңгейде ұйымдастыра алмауы, еріктік қасиеттерінің қажетті деңгейде дамымауы т.б. Кездескен объективті және субъективті қиындықтар негізінде жоғары мектептегі оқу үдерісіне қойылатын талаптар мен студент мүмкіндігі арасындағы сәйкессіздікке соқтырады, бұл бейімделу жағдайын туғызады.

Студенттің бейімделу нәтижесі негізгі екі түрлі факторға немесе жағдайға тәуелді, олар: сыртқы, студенттің тұлғасына тәуелді емес немесе объективті; ішкі, тұлғаның даралық ерекшеліктеріне байланысты немесе субъективті.

Сыртқы факторларға зерттеуші ғалымдар оқытудың әлеуметтік сипатын, топтағы психологиялық ахуалды, бірлік деңгейін, студенттердің өзара қарым-қатынас сипатын, оқытушылардың студенттермен қарым-қатынасы стилін жатқызады.

Сонымен қатар, студенттің танымдық әрекетке бейімделуінің сыртқы факторларына оқытушының әдістемелік білігін қарастырады, студенттің бейімделуінің жетістігі оқытушының жобалаушылық (проектированных), құрастырушылық (конструктивных), ұйымдастырушылық, гностикалық білігінің қалыптасуына байланысты деген тұжырым бар.

Кейбір авторлар коммуникативті бейімделудің сыртқы факторларын арнайы қарастырып, студенттердің бейімделуіндегі қиындық оқытушылармен қарым-қатынасқа түсуінде туындайды деп тұжырымдайды. Сонымен бірге студенттік топта қарым-қатынастың негізгі үш түрін бөліп көрсетеді: оқу қарым-қатынасы (танымдық әрекет барысында болады), әлеуметтік (қоғамдық шараларға байланысты), кәсіби (болашақ жұмысы, мамандығы туралы кеңесу барысында), достық (тұлғалық жеке мәселелерін шешу бағытында).

Бірқатар зерттеулер студенттік топ ішіндегі қарым-қатынас барысындағы коммуникативті бейімделуге бағытталған. Коммуникативтік әрекеттер талаптарына байланысты оқу тобындағы студенттердің бейімделу процесі маңызды.

Кейбір зерттеу жұмыстарында студенттің бейімделуіне әсер етуші сыртқы фактор ретінде студенттердің ұжымында және оқу процесіне қатысушылардың барлығымен қатынасты тұрақтандыруға негіз болатын оқытушылардың коммуникативтік қасиеттерін жатқызады. Сонымен қатар, ЖОО-ндағы оқу процесі барысында қарым-қатынастың сипаты қарастырылады. Студенттің коммуникативтік әрекетке бейімделуінің сыртқы факторы оқытушының тұлғасы арқылы, оқу әрекеті барысындағы оқытушы мен студенттің арасындағы өзара қарым-қатынас формасына байланысты, ақпараттандырудың даралық стилі.

Жоғары мектептегі оқу үдерісіне бейімделуде келесі маңызды факторлардың бірі студенттің өзін-өзі реттеуі өз іс-әрекетін жоспарлауы және оның нәтижесін болжауы, өз мінез-құлқын басқара білуі.Студенттің жоғары мектептегі оқу процесіне бейімделуінің жетістігі аталған факторларға тәуелді, ол дидактикалық бейімделудің негізгі факторларымен анықталады-студенттің оқып жатқан пәніне қатынасы, кәсіби түйсіну, интеллектуалдық әрекетін басқару, оқуға қызығушылығы, оқу жұмысында өзбетінше жұмыс жасау білігі мен дағдысын жаттықтыру және меңгеруі .

Кейбір зерттеулерде оқу әрекеті барысында бейімделген жағдайларды талдауды іске асырады, мысалы, күткен нәтижеге қол жеткізбей қалған жағдайлар, таңдау пәнінде қиындықтардың туындауы, қабылданған білім барысында немесе пәнді игеруде қарама-қайшылықтардың туындауы, т.б. Мұндай танымдық-шиеленісті жағдайлар психологиялық кедергіні шешу арқылы шешіледі, басты рольде күтілетін нәтижеге байланысты жағымсыз эмоциялар көрінеді.

Кейбір ғалымдардың зерттеулерінде дидактикалық бейімделудің ішкі факторлары студенттің танымдық процестерінің ерекшеліктері мен олардың тұлғалық сипатымен анықталады. Осыған байланысты бірінші курс студенттерінің бейімделуінің жетістігі негізінен интеллектуалдық қызметіне байланысты, жоғары дәрежеде бейімделген студенттерде зейіні тұрақталған, орташа бейімделген студенттерде зейіннің ауысуы жетекші фактор болып табылады, екінші курс студенттерінде бейімделудің жетістігі тұлғалық қасиеттеріне байланысты, яғни, мақсатқа жетудегі тұрақтылық, табандылық, жауапкершілік, ұйымдастырушылық. Үшінші курста бейімделген студенттің жетекші факторы зейіннің жоғары дәрежеде дамуы, өзін-өзі бақылаудың жоғары дәрежелілігі, шешім қабылдағыштығы, шығармашылығы, креативтілігі, сыни ойлауын жатқызады.

Студенттердің дидактикалық бейімделуіне әсер ететін ішкі факторларды зерттеуде олардың қажеттілік-мотивациялық сферасын ескерген жөн. Себебі тұлғаның оқу үдерісінің ерекшелігіне бейімделуі қажеттілік-мотивациялық сферасының сипатына және динамикасына тәуелді.

ЖОО-ғы оқу үдерісіне бейімделуінде студенттердің зейін ерекшеліктері де айтарлықтай орын алады. Себебі бірінші курста студенттердің оқу үлгерімі төмендейді. Бұл ЖОО-ндағы оқу үдерісінің студенттерге қойылатын талаптарға зейінінің құрлымы мен даму деңгейінің уақытша сәйкессіздігіне байланысты.

Студенттің жоғары оқу орнындағы оқу үдерісіне бейімделуіне әсер етуші факторлар әлеуметтік қоршаған ортамен, студенттің танымдық процестерінің даму деңгейіне және тұлғалық қасиеттерінің ерекшелігіне байланысты болады. Сондықтан да жоғарыда көрсетілген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, біз өз зерттеулерімізде студенттің бейімделу жетістігіне оқытушылардың қатынасы, студенттің жеке дара ерекшелігі, әлеуметтік ортасы мен жеке қасиеттері әсер ететініне көз жеткіздік.

Жоғары мектептегі оқу үдерісіне студенттің бейімделуін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде бейімделудің тиімділігіне тұлғаның даралық-психологиялық ерекшелігінің әсерінің маңыздылығын баса атап көрсетеді.

Соңғы кездері ғалымдар студенттің жоғары мектептегі оқу үдерісіне бейімделуіне тұлғаның даралық-типологиялық ерекшелігі, интелектуалдық дамуы, мотивациалық ерекшелігі, әрекетінің стилі, тұлғалық өзгерістері, әлеуметтік маңызды қасиеттерінің қалыптасуы құндылықтар жүйесі, этникалық менталитеті әсеріне баса назар аударып келеді. Бұл зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негізі Л.С.Выготскийдің психиканың мәдени-тарихи даму тұжырымдамасына сүйенеді. Студенттің бейімделуіне әсер ететін даралық-типологиялық факторды студенттің ұлттық психологиялық ерекшелігі арқылы анықтайды.

Студенттің іс-әрекетінің ерекшелігі бірінші курстан бастап-ақ көріне бастайды. Студенттің психикалық күйіне оқу материалының үзіліссіздігі, оқытушылар құрамы, қоршаған орта жағдайларын әсерін тигізе отырып, оқу және қоғамдық әрекеттері барысына әсер етеді. Егерде бірінші курс студенті өзіне тән оқу-коммуникативтік әрекетінің даралық стилін анықтаса, ол студент үшін бейімделу процесі жеңіл өтеді. Даралық стилі деп әрекет тәсілдері мен әдістері жүйесінің тұрақтылығы түсіндіріледі.

Студенттің даралық-типологиялық ерекшелігі бейімделу процесінің өтуіне және студенттің бейімделуінің нәтижесіне өзіндік әсерін тигізеді. Жоғары мектептегі оқу үдерісіне бейімделуінің жетістігіне кейбір психофиозологиялық қасиеттер өзіндік әсерін тигізеді. Бұған темпераменттің ерекшелігін жатқызуға болады. Темперамент типі іштей дара, тұлғалық қасиеттеріне жатады, ол арқылы тұлғааралық қарым-қатынасы, басқа адамдармен қарым-қатынасы анық көрінеді.

Студенттік шақтың психологиясын терең игеру оқытушыларға әр студентті жеке тәрбиелеу мен олардың ғылымға деген құштарлығын ынталандыру мәселелерін шешуде қажетті басты жол болып табылады. Студентке әлеуметтік толысқан тұлға және ғылыми көзқарастар иегері ретінде қарау адамның дүниеге көзқарасын ғана емес, өміріндегі өз орнына деген көзқарасын да қалыптастырады. Басқа сөзбен айтқанда, студент көзқарасының қалыптасуы, өзін белгілі бір қоғамдық құндылық иесі және әлеуметтік пайдалы тұлға екенін сезінуін білдіреді.

Біз өз зерттеулерімізде бейімделу процесі барысында студенттің бойында кәсіби іс-әрекетіне қажетті әлеуметтік қасиеттер де қалыптасатынын қарастырдық. Бұл негізде, жоғарыда қарастырылған студенттердің бейімделуінің өлшемдері мен көрсеткіштері туралы пікірлерді талдай отырып, төмендегідей қорытынды жасалады:

1. ЖОО-ғы оқу үдерісіне және таңдаған мамандығына қарым-қатынасы. ЖОО-да оқу міндеті кәсіби-бағдарлы оқу әрекеті тұлғалық-қызығугшылығына сай іріктеледі, кәсіби өз білімін жетілдіруге деген қажеттілік туындайды. Жаңа жағдайлар студенттен білімділікті, белгілі деңгейде біліктілікті талап етеді, студент өзінің тұлғалық мүмкіншілігін жүзеге асыру үшін оқу әрекетіне қатынасын өзгертуді қажет етуімен қатар, өзіндік стилін қалыптастыруды қажет етеді. Бұл тұрғыда таңдаған мамандығына үлкен мән беріледі, себебі, таңдаған мамандығы сәтсіз болса ол оның қабілетіне де, тұлғалық қасиетіне де сай келмейді, бейімделу жетістіктеріне жету мүмкіндігі де төмен болады.

2. Студенттік ортаға кіру. ЖОО-ғы студенттің толыққанды оқуы, шығармашылық өсуі топтастарымен, оқытушылармен қарым-қатынасынан тыс қалуы мүмкін емес, сондықтан да студент олардың өзіне деген қызығушылығын тудыра білуі, өзінің қабілетін көрсете білуі, олардың деңгейіне жете білуі қажет. Бұл студенттің бейімделуіне оң әсерін тигізеді.

3. Эмоциялық дайындық. Психикалық ахуал студенттің бейімделуінде маңызды роль атқарады. Іс-әрекеттің сәттілігіндегі эмоциялық жағдайлар оның негізгі бір компоненті болып табылады.

4. Әлеуметтік және кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасуы. Жоғары кәсіби білім алу барысында студеттің бойында тұлғалық қасиеттері қалыптаса бастайды, көптеген мәселелермен кездеседі (жаңа орта, жаңа құрдастарымен, оқытушылармен қарым-қатынас, өзін-өзі бағалау). Бұл туындаған мәселелерді шешу өзін-өзі ұйымдастыруды, өмірлік басымдылықтарды түйсіну мен оларды орындауға ұмтылыс, өз әрекетін жоспарлауды қажет етеді. Бұл негізде әлеуметтік және кәсіби маңызды қасиеттер қалыптаса бастайды.

Жалпы алғанда біздің зерттеулеріміздегі студенттің жоғары мектептегі оқу үдерісіне бейімделуінде маңызды өлшемдер студенттің ЖОО-ның жағдайына қатынасы, эмоциялық көңіл-күйі, студенттер қауымына енуі, тұлғалық маңызды қасиеттерінің қалыптасуы.

Олай болса, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге талдау жасай отырып, студенттің ЖОО-на бейімделу процесіне берілген толығырақ анықтаманы былай тұжырымдауға болады: «студенттің ЖОО-ның шарттарына, жағдайларына сай тұлғалық қасиеттерінің икемделуі, жаңа әлеуметтік және кәсіби маңызды қасиеттерді өз бойында қалыптастыруы, тұлғалық мүмкіншіліктерін іске асыруды қамтамасыз ету процесі».

**Әдебиеттер тізімі**

1.Төребаева К.Ж. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. - Ақтөбе: 2002.-154б.
2.Реан А.А. Психология изучения личности. – СПб.: Питер,1999. – 416 с.
3.Омарова Р.С. Жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. Дис. ... пед. ғыл. канд. – Алматы, 2002. – 166 б.
4.Балл Г.А. Понятие адаптации и его значение для психологии личности //Вопр.психологии.-1989.- №1.- С.92-100.
5.Кондрашева Л.В., Демина Л.Д. О методике изучения адаптации выпускников педвузов к педагогической деятельности //Адаптации выпускников высшей школы кработе на селе. -Барнаул: Изд-во Пед. об-ва РСФСР, 1981.-94-96с.
6.Головатый Н.Ф.Студент: путь к личности. –М.:Изд-во МГУ, 1982.
7.Балуев С.И. Механизмы адаптации // Адаптация учащихся 9-10 классов и студентов к учебной и физической нагрузкам. - М.: Изд-во МОПИ, 1987.-С.10-17.
8.Джакупов С.М., Бердібаева С.К. Психологиялық зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу тәсілдері. А. 1998.
9.НамазбаеваЖ. И. Психология. - Алматы: Print-S, 2005. -293 б.
10.Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Мектеп, 1994. – 272 б.

11.Зотова О.И. Кряжева И.К. Некоторые аспекты социально-психологических аспектов адаптации личности //Методология и методы социальной психологии. /Отв.ред. Шорохова Е.В.-М.:Наука, 1997-173-189с.
12.Боронина Л. Н. Вишневский, Ю. Р., Дидковская Я. В. , Минеева С. И. Адаптация первокурсников: проблемы и тенденции // «Научное, научно-методическое, материально-техническое и информационное обеспечение образования» - Министерства образования РФ., 2001. - 284с.

**К.Ж.Туребаева, А.С.Мамбеталина, Ш.М.Туребаева**
*Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова, Актобе, Казахстан*
*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*
*Международный казахско-турецкий университет им. К.А. Ясауи*

**Адаптация студентов высших учебных заведений к учебному процессу**

**Аннотация.** Подготовка компетентных специалистов - одна из актуальных задач, стоящих перед современным образованием. Профессиональная и социальная подготовка будущих специалистов напрямую зависит от знаний и навыков, полученных в учебном процессе в ВУЗе. Для освоения учебного процесса и реализации личностного развития студентов в ВУЗе очень важен процесс адаптации. Студент – культурная личность, которая стремится найти свое место в обществе и систематически изучать будущие тенденции. Адаптация определяется как структура социализации личности, историческое установление процесса усвоения социального опыта. Адаптация студента – это психологически сложный динамический процесс. В результате новых действий она влияет на личностные качества и социальное положение студента. Социальная и профессиональная деятельность студента формируется на основе приобретенных знаний, умений и навыков в стенах вуза.
**Ключевые слова**. Студент, компетентность, конкуренция, адаптация, учебный процесс, дидактика.

**K.Zh.Turebayeva[1], A.S.Mambetalina[2], Sh.M.Turebayeva[3]**
*[1]Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan*
*[2]L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*
*[3]K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University*

**Adaptation of students of higher educational institutions to the educational process**

**Abstract**. The training of competent specialists is one of the urgent tasks facing modern the education. Professional and social training of future specialists directly depends on the knowledge and skills obtained in the educational process at the university. To learn the learning process and realize the personal development of students in the university is very important process of adaptation. A student is a cultural personality that seeks to find a place in society and systematically study future trends. Adaptation is defined as the structure of the socialization of the individual, the historical establishment of the process of assimilation of social experiences. Adapting of a student is a psychologically complex dynamic process. As a result of new actions, it affects the personal qualities and social status of the student.
**Key words**. Student, competence, competition, adaptation, educational process, didactics.

**References**

1.Turebaeva K.Zh. Studentterdin karym-katynas madenietin kalyptastyru [Formation of students' communication culture], (Aktobe, 2002).
2.Rean A.A. Psihologia izucheniya lichnosti [Psychology of personality] (Peter, Sbs, 1999).
3. Omarova R.S. Zhogari oku oryndarynda studentterdin tanymdyk izdenimpazdygyn kalyptastiru [Formation of cognitive exploration of students in higher education institutions] (Desis ... ped. the science kand, Almaty, 2002).
4. Ball G.A. Ponyatie adaptacii I ego znachenie dlya psihologii lichnosti [Psychology of adaptation and psychology for personality] Voprosy psihologii 1, 92-100(1989).
5. Kondrasheva L.V., Demina L.D. O metodike izucheniya adaptacii vypusknikov pedvuzov k pedagogicheskoi deyatelnosti [Methods of adaptation of pedagogical educators to pedagogical activity.] [Adaptaciya vypusknikov vysshei shkoly k rabote na sele] (Izd.voPed. Ob-v. RSFSR, Barnaul, 1981).
6. Golovaty N.F. Student: put k lichnosti. [Student: the way to personality] (Izd-vo MSU, Moscow, 1982).
7.Baluyev S.I. Mekhanizmyadaptacii [Mechanisms of adaptation] [Adaptaciauchashihsya 9-10 klassov I studentov k uchebnoi I fizicheskoinagruzkam] [Adaptation of pupils of 9-10 classes and students to educational and physical loads.] (Izd-vo MIPI, Moscow, 1987).

8. Djakupov S.M., Berdibaeva S.K. Psihologiyalyk zertteu natizhelerin statistikalyk ondeu tasilderi[Methods of statistical processing of psychological research results] (Almaty, 1998).
9. Namazbaeva Zh.I. Psihologia [Psychology]. (Almaty, Print-S, 2005).
10. Zharykbayev K.B. Psihologia [Psychology]. (Almaty, School, 1994, 272 p).
11.Zotova O.I., Kryazheva I.K. Nekotorye aspekty socialno-psikhologicheskih aspektov adaptacii lichnosti [Some

aspects of socio-psychological aspects of personality adaptation] Metodologia I metod i socialnoi psihologii [Methodology and methods of social psychology] Otv.red. ShorokhovaE.V.(Nauka, Moscow, 1997).
12. Boronina L.N. Vishnevsky Yu.R., DidkovskayaYa.V., Mineeva S.I. Adaptacia pervokursnikov: problamy I tendencii [Adaptation of first-year students: problems and trends.] 'Nauchnoe, nauchno-metodicheskoe, materialno-tekhnicheskoe I informacionnoe obespecheniye obrazovaiya [«Scientific, scientific-methodical, material and technical and information support of education»] (Ministry of Education of the Russian Federation, Russia, 2001).

***Авторлар туралы мәлімет:***
Төребаева К. Ж. – Мектепке дейінгі және арнаулы білім кафедрасының меңгерушісі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.
Мамбеталина А.С. – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының доценті міндетін атқарушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
Туребаева Ш.М.–докторант, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, ОҚО, Түркістан, Қазақстан.
Turebayeva K.Zh.- Head. Of Department of Preschool and Special Education, Aktobe Regional State University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.
Mambetalina A.S. - Associate Professor of the Department of Social Pedagogy and Self-knowledge, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
Sh.M.Turebayeva - doctoral student, International Kazakh-Turkish University named after K.A.Yasaui, Turkestan, Kazakhstan.

ХҒТАР 77.03

**Е.К. Уанбаев**
*С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті. Өскемен, Қазақстан.*
*(E-mail: uanerken@mail.ru)*

## Шығыс Қазақстан облысының аудандарындағы бұқаралық спорт жұмыстары дамуының әлеуметтік-экономикалық жайлары

**Аннотация**. Мақалада ШҚО-ның аудандарының әлеуметтік-экономикалық жайлары, оның дене мәдениеті және спортқа әсері зерттеліп, салыстырылады. Еліміздің шығыс өңірінің кейінгі 10 жыл уақытында негізгі экономика және әлеуметтік салалардың өсуін анықтап, көрсетеді. Автор Өскемен қаласының жанындағы бірі мал шаруашылығымен, екіншісі егін шаруашылығымен айналысатын Глубокое, Ұлан және орташа шалғай, өте шалғай шекара аймағында орналасқан Жарма, Зайсан аудандарындағы әлеуметтік-экономикалық жайлары бір-бірімен салыстырылады. Ол жайлардың 2006 және 2016 он жыл аралығында өсу, жоғарылауын анықтайды.

Экономиканың жақсаруының әлеуметтік көрсеткіштерінің жоғарылауына, спорт құрылымдарының көбеюіне, адамдардың денсаулықтарына көңіл бөлініп, дене тәрбиесі және спорт жаттығуларымен көптеген адамдардың тұрақты, жүйелі, айналысуына әсер ететінін нақты мысалдармен дәлелдейді. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе келе, осы мәселелерді шешудің тиімді жолдарын ұсынады.

**Түйін сөздер**. Әлеуметтік-экономикалық жайлар, дене тәрбиесі және спорт, денсаулықты нығайту, дене жаттығулары.

**Кіріспе**. Ел экономикасының жоғарылауы, ұлттық табыстың ұлғаюына байланысты дене мәдениеті және спорт жүйесі дамиды. Дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық мәні адам ағзасының функциональды мүмкіндіктерін жоғарылату, денсаулығын нығайтудан тұрады. Ғылыми тәжірибе мәліметтері бойынша дене тәрбиесі жаттығуларымен жүйелі түрде айналысушылардың санын 10 %-ға көбейтсе, сырқаттанушылардың санын 6,7 %-ға азайтуға мүмкіндік берілетіндігі дәлелденген. Ғылыми зерттеулер материалдарында мақсатты бағытталған дене жаттығулары еңбекшілердің кәсіби жұмыс қабілеттілігі деңгейін 7-18 %-ға, еңбек өнімділігін 0,64 — 1,9 %-ға арттыруға, сырқаттануды 20-83 %-ға дейін азайтуға мүмкіндік беретіндігі көрсетілген. Мұның өзі кәсіпорындарға үлкен көлемде экономикалық табыс әкелмек [1].

Қазіргі кезеңде Қазақстанның экономикалық даму үрдісі ілгерілеуде, әлі де жоғарылау мүмкіншіліктері үлкен. Оған табиғи бағалы қазбалардың, шикізат, мұнай, газ өнімдерінің көптігі, халықтың ынта-пейілі, әл-ақуалы жеткілікті. Енді осы мүмкіншіліктерді жетілдіру, жастарды, еңбек ететін адамдарды бір мақсатқа шоғырландыру, олардың денсаулықтарын нығайту, еңбек тиімділіктерін арттыру қажет болады. Ол үшін дене мәдениеті және спортты қаржыландыру, ұйымдастыруға көп көңіл бөлінуі қажет.